

## **Көршілерге залал келтірген кезде өзін шығындардан қалай қорғауға болады?**

*«Менің көршілерім» Пәтер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру бағдарламасы*

Бүгінгі таңда біз сіздерге көпқабатты үйлердегі пәтер иелерін көршілердің ықтимал мүлкітік талаптарынан қорғау үшін «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ мамандары әзірлеген «Менің көршілерім» сақтандыру бағдарламасын ұсынамыз.

Компанияның негізгі мақсаты – клиенттерді кез келген күтілмеген тәуекелдерден тұрақты және сенімді сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз ету.

Өмірде түрлі жағдайлар болады, кейде сіздің пәтеріңізде көршілеріңізге едәуір залал келтіруі мүмкін күтілмеген оқиғалар орын алады.

Үлкен қаржылық шығындарға жол бермеу және көршілермен тату қарым-қатынасты сақтап қалу үшін алдын-ала сақтандыру қорғанысы туралы ойлау керек. Сақтандыру болмаса, сіз шығындарды өз қалтаңыздан төлейтін боласыз. Ал «Менің көршілерім» бағдарламасы бойынша сақтандыру полисі көршілердің бүлінген мүлкін жөндеуге және ауыстыруға жұмсалатын шығындарды өтейді.

### **Сақтандыру келісімшарты нелерден қорғайды?**



Төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде үшінші тұлғалардың үй-жайларының әрлеу жұмыстарына залал келтіру, үшінші тұлғалардың мүлкіне зақым келтіру немесе жою – аталған бағдарлама бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады:

- өрт, газдың жарылуы;
- су құбырының, жылыту жүйесінің немесе кәріздің жарылуы салдарынан су басу;
- пәтерді өрттен құтқару кезінде келтірілген залал;
- егер биліктің рұқсаты болса, жөндеу жұмыстары.

Сақтандырудың мұндай түріне өзінің дербес мүлкін залалдан қорғау қамтылмаған, тек қана үшінші тұлғалардың мүлкі сақтандырылады. (Өзінің дербес мүлкін қорғау үшін «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ «Менің пәтерім» атты басқа бағдарлама ұсынады. Бұл бағдарлама туралы компанияның [www.vic.kz](http://www.vic.kz) сайтынан білуге болады).

### **Кім сақтандырылуы мүмкін?**

Пәтері бар әрі жек тұлғалар, әрі заңды тұлғалар да өздерінің жауапкершілігін сақтандыруларына болады. Алайда сақтандыру келесілерге қатысты қолданылмайды:

- тұрғын емес жылжымайтын мүлік;
- уақытша жалдап отырған пәтерлер;
- қаңқалы-қамыс, балшықтан жасалған, 30 жылдан астам уақыттан бері пайдаланылып жатқан ескі жылжымайтын мүліктер.

### **Сақтандыру сомасы мен төлемі**

Сақтандыру сомасының мөлшері келісімшартта белгіленеді. **300 000 теңгеден 1 000 000 теңгеге дейінгі** таңдаулар қолжетімді. Тиісінше, сақтандыру сыйлықақыларының (төлемдерінің) сомасы жылына **3 000 теңгеден 10 000 теңгеге дейін** болады.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде залалды сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы бағалайды.

### **Франшиза (залалдың өтелмейтін бөлігі)**

Сақтандыру сомасының 1%-ынан бастап – көршілердің мүлкін жиі бүлдірген кезде.

Полисті жылдам және оңай рәсімдеуге болады – сақтандыру компаниясына хабарласып, өтемақының қажетті шарттарын таңдаса жеткілікті. Су басу, өрт, мүлікке кездейсоқ зақым келтіріп алған кезде де сақтандыру ықтимал шығындарды өтейді және сіз залалды өтеу немесе сотта дауласу туралы уайымдамасаңыз да болады.

### **Келісімшартты рәсімдеу және бұзу жосықтары**

- Келісімшарт **12 ай** мерзімге жасалады және төлем жасалғаннан кейін күшіне енеді.
- Алғашқы сақтандыру жағдайы орын алған кезде келісімшарттың қолданысы тоқтатылады.
- Егер келісімшарт мерзімінен бұрын бұзылса, сақтанушы сақтандырушының шығындарын шегеріп тастағанда сыйлықақының бөлігін қайтарып алуы мүмкін.

«Менің көршілерім» бағдарламасы – пәтеріңізде орын алған, көршілеріңізге залал келтірген күтілмеген оқиғалардың салдарынан келетін ықтимал қаржылық шығындардан қорғанудың ыңғайлы тәсілі. Бұл бағдарлама көршілермен жанжалдасуды болдырмауға және келтірілген залалды жедел түрде өтеп беруге көмектеседі.

Сақтандыру сомасы, сақтандыру шарттары және сақтандыру келісімшартының құны туралы толығырақ ақпаратты +7 (727) 279-55-80 телефон нөміріне қоңырау шалып, білуіңізге болады..

Аталған сақтандыру келісімшартын «Виктория» СК» АҚ-да рәсімдеуге болады. сақтандыру келісімшартын жасау ықтимал тәуекелдерден қорғануға кепілдік беріп қана қоймайды, сонымен бірге көршілермен жақсы қарым-қатынасты сақтап қалуға да көмектеседі. Бір полис рәсімдеп, үйіңіз сенімді қорғаныста екенін білгендіктен, тыныш ұйықтайтын боласыз. Тыныштық – құны жоқ дүние емес пе, солай ғой?

«Виктория» СК» АҚ сақтандыру қызметтерінің алуын түрлерін ұсынады. Оған 5 міндетті және 17 ерікті сақтандыру түрлері жатады. Осындай қызметтер арқасында компания жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар үшін әмбебап серіктес болып табылады.

«СК«Виктория» СК» АҚ - кездейсоқтықты жеңу!